

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 3, Number 313 (2017), 43 – 49

E. Ondashulyi

## THE CONSTITUTIONAL BASES OF PROPERTY AND ECONOMIC ACTIVITY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**Abstract.** The article based on the application of formal legal method analyzes the constitutional and pravovoye basis of the institution of ownership and economic activities in the Republic of Kazakhstan. The author concludes that the evolution of constitutional-legal regulation in the sphere of public relations in the Republic of Kazakhstan was similar to that of the Russian Federation: it was characterized by a consistent rejection of the system the radical market economy towards a mixed economy, characterized by a consistent increase in state participation in economic processes. Thus in contrast to the Russian experience in the Republic of Kazakhstan stated evolution is reflected in constitutional and legal provisions, namely in the new Constitution, adopted in 1995, the framework was significantly adjusted the mechanism of legal regulation of the institution of private property in the direction of the assumptions of legal nationalization of the most important factors of production and of property in strategically important industries through the use of mechanisms of administrative-legal regulation. The paper argues that the priority for further development of the system of the constitutional legal regulation of economic relations should be to increase the level of its adequacy to reflect the real processes taking place in the economy and improvement of constitutional and legal mechanisms for the protection of private property.

**Key words:** constitutional legal regulation, market economy, private property, public property, mixed economy.

E. Ондашұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
050040, Қазақстан Республикасы, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ МЕНШІК ПЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Аннотация.** Мақалада ресми-заңнамалық талдауды пайдалану негізінде Қазақстан Респуб-ликасындағы экономикалық қызмет пен жеке меншік институтының конституциялық-құқықтық негіздері талданады. Автор Қазақстан Республикасындағы қоғамдық қатынастардың осы саласын конституциялық-құқықтық рет-темелеу эволюциясы Ресей Федерациясына ұқсас деген қорытынды жасайды: ол экономикалық үрдістерге мемлекеттің қатысуын күшейтуді әрі қарай арттырумен радикалды нарықтық экономика жүйесінен аралас экономиканы қалыптастыру бағытында жалғасушылықпен бас тартумен сипатталды. Соның өзінде Ресейлік тәжірибеге қарағанда Қазақстан Республикасында аталған эволюция конституциялық-құқықтық нормалардан көрініс тапты, дәлірек айтқанда 1995 жылы қабылданған жаңа Конституцияға енгізілді. Оның аясында әкім-шілік – құқықтық реттемелеу механизмдерін қолдану арқылы стратегиялық жағынан маңызды салаларда жеке меншік нысандарын және өндірістің айтарлықтай маңызды факторларын заңды түрде жекешелендіруге жол беру бағытында жеке меншік институтын құқықтық реттемелеу механизмі айтарлықтай деңгейде түзетілді. Жұмыста бекітілгендей, экономикалық қатынастар саласын конституциялық-құқықтық ретте-леудің әрі қарайғы жүйесін дамытудың басым бағыты экономикада өтіп жатқан шынайы үрдістерді көрсету аясындағы дұрыстығы деңгейін арттыру, сонымен қатар жеке меншік институтын қорғауды қамтамасыз етудің конституциялық-құқықтық механизмдерін дамыту болуы тиіс.

**Тірек сөздер:** конституциялық-құқықтық реттемелеу, нарықтық экономика, жеке меншік, мемлекеттік меншік, аралас экономика.

Қазақстан Республикасының заманауи мемлекеттік-құқықтық дамытылуы оның бұрынғы КСРО елдерімен ұқсас дамығанын көрсетеді. Басқа сөзбен айтқанда, КСРО құлағаннан соң Қазақстанда қоғамдық өмірдің жаппай вестернизациясы дамып, ол Батыс Еуропаның жетекші мемлекеттерінің үлгісіне сәйкес құқықтық демократиялық мемлекеттілікті құруды заңдастыруға

негіз болды. Әрине, мемлекеттің жоғарыда аталған формасының әлеуметтік-экономикалық базасы ретінде либералды нарықтық экономика қарастырылды.

Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси дамуы векторының радикалды өзгеруінің табиғи нәтижесі екі Конституцияның қабылдануы болды: 1993 ж. [1] және қазіргі уақытта қолданылып жатқан 1995 ж [2], олардың нормалары оның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси параметрлерін анықтады. В. А. Мау әділетті түрде көрсетіп өткендей, «осы немесе басқа көзқарастық бағытқа тәуелсіз түрде экономиканы конституциялық реттелеуді кеңейту және экономикалық модельдің негізгі векторларын рәсімдеу индустриалды мемлекеттерде қоғамдық қатынастарға құқықтық ықпал етудің жалпы беталысы болып табылады [3, б. 23]. Қазіргі әлемде ол бірінші кезекте әлемдік экономикада нақты мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге және экономикалық қатынастарды жаһандандыру міндеттеріне, технологиялық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге негізделген [4].

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясын талдай отыра, онда әлдеқайда әділетті қоғамдық және мемлекеттік құрылымды құру әрекетінің көрініс тапқаны туралы пікірмен келіскен жөн. Олар конституционализм идеяларына негізделген. Соның өзінде конституционализм құқықтық, демократиялық мемлекеттің басты құндылығы ретінде қоғамның әділетті құрылымы бойынша құндылықтар жүйесінің болуымен сипатталады, ол қоғамның, мемлекеттің, жеке тұлғаның өзара қатынастарының қағидасы мен шекарасы анықталған конституцияға негізделген. Осыған байланысты конституционализм, әділеттілік және қоғамның экономикалық жүйесі өзара байланысты және өзара шартталған түсініктер болып табылатыны анық. Экономикалық жүйенің дұрыс тандалған моделі – ол келешегі бар, қоғамның және конституциялық құрылымның қарқынды дамуының кепілі [5].

Жоғарыда аталып өткендей, Қазақстан Республикасының қолданыстағы Негізгі Заңы (бұдан әрі ҚР Конституциясы) мемлекеттің экономикалық негізі ретінде нарықтық экономикалық жүйені қарастырады, ол экономикалық үрдістерді реттелеудің либералдық қағидаларына негізделген. Бұрынғы кеңестің экономиканы құру тәжірибесі тотаритарлық саяси тәртіппен орнатылған байланыстан алшақтайды, себебі ол мемлекеттің, қоғамның, бөлек тұлғаның тәуелсіз дамуына тосқауыл жасайды.

Басқа сөздермен айтқанда, қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясында Ресей Федерациясы сияқты әлеуметтік-экономикалық дамудың кеңестік тәжірибесіне жол берілмейді, оның жалғыз ғанауқсастығы нарықтық реттелеу жүйесі болып табылады, ол Еуропаның жетекші мемлекеттері мен АҚШ мемлекетінің тәжірибесі негізінде құрылған.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Негізгі Заңының ресми-заңды талдауы аталмыш қорытындыны растайды. Дәлелдер ретінде келесі конституциялық-құқықтық нормаларды келтіреміз:

1. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси жүйесі негіздерінің сипаттамалары, дәлірек айтқанда либералды экономикалық жүйенің өмір сүруінің алғышарттары ретінде қарастырылатын құқықтық демократиялық мемлекетті (п 1. бап. 1.), халықтың толық билігін (бап. 3) құру қағидасы, адамның құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылықтар ретінде бекіту (бап. 3), саяси және идеологиялық плюрализмді бекіту (п 1. бап. 5), әлеуметтік мемлекет қағидасы (п. 1 бап. 1, п. 2 бап. 6);

2. ҚР Конституциясының 6 бабы, 1 тармағына сәйкес мемлекеттік және жеке меншікті тең дәрежеде қолдау мен қорғау қағидасы бекітілген. Оған қоса Қазақстан Республикасының Негізгі Заңының ресми-заңды талдамасы экономикалық жүйедегі мемлекеттік меншік институтының басым мәні туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, себебі, біріншіден, Негізгі Заңдағы жеке меншік формалары тізімінде жеке меншіктің дәл осы формасы бірінші орында жатыр, екіншіден, ҚР Конституциясында нарықтық экономиканың маңызды қағидалары бекітілді, олар жеке меншіктің дамуы үшін база түзеді, үшіншіден, 6 баптың 3 тармағы жер және табиғат ресурстарына жеке меншіктің болуына жол береді, төртіншіден, жеке меншік құқығы адам құқығының маңызды құқығы ретінде реттеледі, осыған байланысты оның экономикалық және құқықтық мазмұны толығырақ ашылған.

Оған қоса, қолданыстағы ҚР Конституциясының 6 бабы, 2 тармағы жеке меншік құқығы мен уәкілетті субъектінің жеке меншік нысанының пайдалы қасиеттерін пайдалану міндеті арасында байланыс орнатады.

2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясында нарықтық экономиканың жұмыс істеуінің басты қағидалары көрсетілген, дәлірек айтқанда, олардың негізгісі – жеке меншік

құқығын іске асыру кепілдігіне байланысты. Ондай кепілдіктердің механизмі конституциялық-құқықтық нормалардың бірқатарын анықтайды, дәлірек айтқанда: жеке меншік субъектілері мен объектілері, жеке меншік иегерлерінің өз құқықтарын іске асыруының ауқымы мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен анықталады (Конституцияның 6 бабы, 2 тармағы); жеке жинақтар мен қаражаттардың құпиялы болуы құқығын шектеу тек заңмен орнатылған тәртіптерде қарастырылады (Конституцияның 18 бабы, 2 тармағы); монополистік қызметті заңмен шектеу және реттелеу туралы (Конституцияның 26 бабы, 4 тармағы); жеке меншікті қажет болған жағдайда тең ақы төлеумен мемлекеттік қажеттіліктер үшін мәжбүрлеп тапсыртқызуды заңмен орнату туралы (Конституцияның 26 бабы, 3 тармағы).

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Негізгі Заңы жеке меншікті қорғаудың институционалдық механизмін анықтайды. Оны іске асырудың басым элементі мемлекеттік билік органдарының құзыреттілігі болып табылады, олар жеке меншіктің құқықтық тәртібінің қорғалуын қамтамасыз етуге (Конституциялық сот, жалпы юрисдикция соттары, сонымен қатар прокуратуралар), сонымен қатар заңдарды шағымдау сияқты прокурорлық бақылау институтын іске асыруға шақырылған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Негізгі заңының нормалары азаматтардың өз мүлкін кез-келген заңды кәсіпкерлік қызметті іске асыру үшін тәуелсіз пайдалануы үшін жасалатын мүмкіндіктерге кепілдік береді (Конституцияның 26 бабы, 4 тармағы).

3. ҚР қолданыстағы Конституциясы экономикалық саланы тікелей әдістермен реттелеу мүмкіндіктерін қарастырмайды (бірінші кезекте, директивті жоспарлау құралдарымен).

Экономикалық құрылыстың жоғарыда аталған негіздері Конституциямен бекітіле отырып, мемлекеттегі экономикалық қатынастарды құқықтық рәсімдеудің мазмұнын анықтады. Аталмыш жағдай 1990 жылдардың екінші жартысында бірқатар негізгі нормативті-құқықтық актілердің қабылдануына алып келді, олардың арасында бірінші кезекте кодталған актілерді (Қазақстан Республикасының Салықтық, Жерлік, Азаматтық, Сулы, Бюджетті кодекстері) атап өтуге болады. Бұл актілердің нормалары экономикалық салада кеңес моделімен салыстырғанда жаңа модельдің қалыптасуы үшін алғышарт құрды.

Қазақстан Республикасының экономикалық дамуы үшін 1990 жылдары ресейлік беталыстар сипатты екенін атап өту керек. Олардың басты сипаты экономикалық саладағы қоғамдық қатынастардың шынайы тәжірибесі мен олардың негіздерін конституциялық-құқықтық бекіту моделі арасындағы айырылыс болды. Басқа сөзбен айтқанда, соңғылары ұзақ уақыт бойы заңды мәнін сақтап, ал экономикалық қызмет субъектілерінің өзара әрекеттестігі басым түрде «жыртқыш» капитализмді дамыту заңдылықтарының құқықтық өрісі аясынан тыс іске асырылды.

Бұл заңдылықтың иллюстрациясы капиталдың бастапқы жиналуы қадамы болды, ол легитимді емес әдістермен іске асырылып жатқан мемлекеттік мүлікті шекешелердіру аясында өтіп жатты. Р. М. Садвакасова атап өткендей, «чекті, кепілдік аукциондарды, жеңілдіктер мен преференцияларды жекешелендіру үрдісі мемлекеттік меншікті реттелеуде бөлек жеке және заңды тұлғалар үшін қарастырылған, сонымен қатар аймақтар үшін уақыт бойынша фантастикалық уақыт алмасуға алып келген [4]. Мұндай беталыстар мемлекеттің экономикалық саясатының шынайы коллапсы аясында экономиканы реттелеу үрдісі құрылымынан шығаруға алып келді. Нәтижесінде мемлекеттің экономикалық қызметінің қаржыландырылуы, кәсіпкерлік және бюрократиялық қоғамдастықтардың жанаса өсуі өтті. Әрине, аталған үрдістердің заңнамалық нәтижесінде ауқымды әлеуметтік дағдарыс өтті, ол егеменді Қазақстан мемлекетінің өмір сүруіне қауіп төндірді.

Басқарушы элита жоғарыда аталған беталыстардың әрі қарай дамуының салдарын түсінуі нәтижесінде экономикалық саладағы мемлекеттік саясатқа түзетулер енгізіліп, ол 2000 жылдардан бастау алды. Оның бағытталуының басты векторы Ресей Федерациясының тәжірибесі негізінде анықталды, осыған байланысты интеграциялық жобаларға белсенді қатысу акценті жасалды, олардың бастысы Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың құрылуы болды. Қазақстан Республикасының аталмыш жобаға қызметтік қатысуы мемлекеттің экономикалық саясатындағы жағдайдың мемлекеттік реттелеу құралдарының экономикалық мәні саласында тұрақтылықты арттыру мен тәртіпті нығайту бағытында өзгеруін анықтады. Ондай өзгерістердің түбегейлі нәтижесінде: 1) экономикалық үрдістерге тиетін мемлекеттік ықпалды қалыпқа келтіру, оның ішінде экономика саласында аймақтардың сепаратистік беталыстарының алдын алу, Қазақстан Республикасы аймағындағы бірінғай экономикалық кеңістікті нығайту; 2) мемлекеттік биліктің жеке инвесторлардың ықпалына тәуелділігін азайту, бизнестің билікке «тең құқылы» болуын азайту; 3) бағытталған нарықтық экономиканың құқықтық өрісін кеңейту және нақтылау (табиғи

ресурстар туралы зейнеткерлік, еңбектік, банктік, салықтық, ұжымдық заңнаманы жаңарту); 4) экономикалық қатынастардың конституциялық моделін іске асыру: нарықтық құралдармен макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізілді, экономикалық өсімнің негізі қаланды [4].

Аталған өзгерістер Қазақстан Республикасының экономикалық жүйесінің аралас экономика негіздерін түзу бағытындағы трансформациясына алып келді, оның басты қағидасы, белгілі болғандай, экономикалық үрдістерге ықпал етудің нарықтық және мемлекеттік құралдардың тең мағыналығын бекіту болып табылады.

Экономикалық салада мемлекеттің маңыздылығын арттыру бірінші кезекте жеке меншік формаларын сәйкестендіруді өзгертуден көрініс табады. Аталмыш беталыс біріншіден жеке сектордың басым жағдайында мемлекеттің басым түрде қатысуымен акционерлік қоғамдардың экономикалық маңызды салаларында қалыптасу есебінен мемлекеттік жеке меншіктің үлесін арттыруға негізделеді, екіншіден, жер ресурстары саласында көпшілік алдында жеке меншікті экспансиялауға негізделеді, үшіншіден, түрлі деңгейдегі жеке меншіктің құқықтық дәрежесін бекітуге негізделді.

А. Ж. Панзабекова өз зерттеуінде аталмыш үрдістің барысын көрсетіп өтті. Зерттеушінің ойынша, мемлекеттік меншіктің құқықтық дәрежесінің уақыт өте келе өзгеруі келесі дәрежеде іске асырылды. Бірінші кезеңнің мазмұны 2000-2006 жж. аралығында мемлекеттік құрылымдардың кәсіпкерлік қызметке уақыт өте келе кіруі етті. Осыған байланысты жекешелендірудің сипаты өзгерді – оның нысандары бейінді емес мемлекеттік емес активтер болды, олар мемлекеттік меншіктің ауқымына айтарлықтай ықпал етпейді. 2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасының үкіметі ұжымдық басқару қағидаларын ескерумен мемлекеттік кәсіпкерлік саласын кеңейту арқылы ұлттық мүдделерді қамтамасыз етуге бағытталды. Аталмыш тәртіпті іске асыру қазіргі уақытқа дейін жалғасуда. Осының өзінде тәжірибелік нәтижеге бірінші кезекте мемлекеттік ұжымдық кәсіпкерлікті мемлекеттік-жеке серіктестік қағидасы негізінде іске асыру болса, екіншіден – шаруашылық қызметінің негізгі субъектілерін мемлекеттік бақылауға алу, бірінші кезекте жанармай-энергетикалық кешенін бақылауға алу, екіншіден – шаруашылық қызметінің негізгі субъектілерін, бірінші кезекте жанармай-энергетикалық кешенді мемлекеттік бақылауға алу болып табылады [5].

Оған қоса, экономика саласындағы мемлекеттік құрылымдардың мәнін арттырудың заңды нәтижесі экономикалық үрдістерді болжамдау мен жоспарлау ретіндегі дәстүрлі құралдар саласында тәжірибеге уақыт өте келе қайтаруболып табылады.

Жаңа реттемелеу құралдары белсенді қолданылады, мысалы, экономикалық қызметтің бөлек субъектілері үшін салықтық тәртіпті өзгерту, ауқымды жобалардың іске асырушысы ретінде рөл атқаратын, экономиканың стратегиялық жағынан маңызды жағдайын анықтайтын жарғылық капиталға (мүлікке) қатысудың мемлекеттік үлесіне ие заңды тұлғаларды құру, шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау мақсатында инвестициялық жеке-мемлекеттік капиталдарды шоғырландыратын мемлекеттік холдингтерді құруға жетелейтін мемлекеттік-жеке серіктестік бастамаларын іске асыру.

Оған қоса, экономиканың мемлекеттік секторының мәнін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында тікелей әкімшілік-құқықтық ықпал ету құралдары пайдаланылады, олар нарықты реттемелеу логикасына қарама қайшы, бірінші кезекте, әкімшілік бөгеттер түзіледі, экономикалық жағымсыз конъюктураны құру арқылы банкроттыққа ұшырату, салықтық реттемелеудің мемлекеттік құралдарын пайдалану іске асады.

Конституциялық заңнамадағы аталған өзгерістер қазақ заңнамасының аясында мемлекеттік және жеке меншікті құқықтық реттемелеудің ерекшеліктерін де анықтады. Конституцияның 6 бабы, 1 тармағында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік және жеке меншік тең дәрежеде мойындалып, қорғалады» деп көрсетілген.

Аталмыш ереже республиканың азаматтық заңнамасынан көрініс тапты. Қазақстан Республикасының қолданыстағы Азаматтық заңнамасында (бұдан әрі ҚР АҚ) [6] мемлекеттік және жеке меншік туралы түсініктер бар. Оның нормаларына сәйкес жеке меншік те қарастырылған. ҚР АҚ 191 бабы, 1 тармағына сәйкес жеке меншік азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен бірлестіктердің меншігі ретінде мойындалады. Соның өзінде заңнама жеке меншіктің екі түрін қарастырады – азаматтардың жеке меншігі және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің жеке меншігі. Мемлекеттік заңды тұлғаларға (мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерге) жеке меншік құқығындағы меншік тиеселі емес, ол мемлекеттік меншікте жатыр, және осыған сәйкес жеке меншікке жата алмайды.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы мемлекеттік меншіктің екі түрін қарастырады – республикалық және коммуналдық. Республикалық меншік өз құрамына мемлекеттік қазынаны кіргізеді, сонымен қатар мемлекеттік республикалық заңды тұлғалардың меншігін кіргізеді. Жергілікті қазынаның құрамына мемлекеттік заңды тұлғалармен бекітілмеген коммуналдық мүлік кіреді. Коммуналдық меншік жергілікті мемлекеттік басқару деңгейіне сәйкес қарастырылады, толығырақ айтқанда: облыстық және аудандық. Жоғарыда аталып өткендей, ҚР қолданыстағы Конституциясы аталған жеке меншік түрлерінің тең құқылы екенінрастайды. Бұл конституциялық қағиданың мәні мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған заңды шектеулерді құруға негізделеді.

Басқа сөздермен айтқанда, М. Сулейменов әділетті түрде атап өткендей, аталмыш норманы бекіту қажеттілігі мемлекеттің жеке меншік иегері болғанымен қатар ол өзінің мықты заңдары мен мемлекеттік меншікке жеңілдіктер беру мен артықшылықтар тарту әрекеттері бар болғанына байланысты [7]. Конституцияның 1 бабының 1 нормасы мемлекеттің және оның органдарының осы талпынысына тосқауыл болады. Ол ереже заңдарды қабылдау мен өңдеу барысында маңызды рөл атқарып қана қоймай, орын алған мәселелерді соттардың шешуіне негіз болады.

Жеке және мемлекеттік меншіктің құқықтық дәрежесін реттейтін екінші фундаменталдық ереже ҚР Конституциясының 26 бабы, 3 тармағымен анықталады, оған сәйкес заңды негіздер болмаған жағдайда жеке меншіктің экспроприациясына тосқауыл қойылады. Ондай негіздер ретінде қылмыстық-құқықтық санкцияны іске асыру ретінде кәңфескілеуді іске асыруды, не болмаса мемлекеттік қажеттіліктер үшін төтенше жағдайлар барысында іске асыру мүмкіндігін қарастыру қажет, мысалы, жаһандық табиғи апаттың салдарын тарату үшін. Бұл жағдайда жойылған мүліктің құнының орнын басу міндетті.

Жоғарыда аталғанға байланысты, М. Сулейменов әділетті атап өткендей, ҚР негізгі заңы сот үрдістерінің шеңберінен тыс жеке меншіктен айырылу мүмкіндігін қарастырады, бірақ осы конституциялық шарттарды бұлжытпай орындау жағдайында, сонымен қатар мүлік алудың заңдылығына қатаң соттық бақылау орнату жағдайында заңмен орнатылған тәртіп тексеріледі. Аталған ұсыныстар жеке меншік құқығына кепілдіктер құрып, өз уәкілеттіліктерін іске асыру барысында заңнамалық және құқық қорғау органдары үшін міндетті болып табылады [7].

Оған қоса, жоғарыда аталған конституциялық қағидаларды іске асыру барысында туындайтын негізгі мәселе Қазақстан Республикасының қолданыстағы конституциялық заңнамасы аясында «мемлекеттік қажеттіліктер», «ерекше жағдайлар», «толық бағалы өтеу шарттары» сияқты түсініктердің дұрыс анықтамасының жоқтығы болып табылады. М. Сулейменов атап өткендей, «мүлікті мәжбүрлі тартып алу мәселелерін реттемелейтін азаматтық, банктік, басқа да заңнамада қазіргі уақытқа дейін жоғарыда аталған құқықтық санаттардың заң ережелерін дұрыс интерпретациялайтын, заңға сәйкес келетін нақты анықтамалары көрсетілмеген. Заңнамалық актілерде «мәжбүрлеп тартып алу», «тартып алу» түсініктері ашылмаған. Мүлікті мемлекеттік мүлікке тартып алу жағдайларын ерекше жағдайлар ретінде анықтаудың нақты шектері орнатылмаған, сонымен қатар осындай ерекше жағдайлардың шектеулі тізімдері жоқ. Оған қоса, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-11 Азаматтық кодексінің 255 бабы (Жалпы бөлім) жер аймағын тартып алу жағдайларының ерекшелігіне сілтеме көрсетпеген, сонымен қатар Конституцияның 26 бабы, 3 тармағы талап еткендей, сот тәртібінде тартып алу қажеттілігін көрсетпеген. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының деректері бойынша тәжірибеде жоғарыда аталған түсініктерге анықтама жасау көптеген сот дауларының туындауына алып келеді, аталмыш жағдай әрине мемлекеттік билік органдарының экономикалық саалада тәжірибелік іс-шараларды іске асыру аясында өз уәкілеттіліктерін өз қажеттіліктерінде пайдалану үшін жағдайлар жасайтыны анық [7].

Мемлекеттік және жеке меншіктің қатынастарының эволюциясын Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызметтің конституциялық негіздерін өзгерту аясында жерге арналған жеке меншік тәртібін сипаттауды ескере отыра бақылауға болады. Осы байланыста Қазақстанда аталмыш құқықтың бірінші кезекте жеке меншік нысандарының сипаттамаларымен (жеке меншік ретінде жердің кейбір санаттары ғана рөл атқара алады), ал екіншіден жер пайдалану субъектілері меншектелгенін атап өту қажет. Қазіргі уақытта Қазақстанның жер қоры жеті санатқа бөлінеді: ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер; елді мекендердің жерлері; өнеркәсіп, транспорт, байланыс, қорғаныс және басқа ауыл шаруашылық емес мақсаттағы жерлер; сауықтырушы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер, ерекше қорғалатын табиғи аймақтар; су қорының жерлері; қор жерлері (яғни жеке меншікке немесе жер пайдалануға берілмеген барлық

жерлер, аудандық атқару органдарының құзырында). Олардың ішінде жеке меншік құқығыекі санатқа ғана таратылады. Бірінші кезекте мәселе ауыл шаруашылық мақсаттағы жер туралы болып отыр, ол бөлшекті түрд еғана жеке меншікке таратылады. Мәселе бақша шаруашылына арналған учаске туралы қозғалып отыр. Соның өзінде олардың иегерлері Қазақстанның азаматтары ғана бола алады. Азаматтығы жоқ азаматтар немесе шетелдіктер Қазақстандағы кез-келген ауыл шаруашылық құқығына ие бола алмайды. Осыған қоса жеке меншік жалпы пайдалану аймақтарына кірмейтінелді мекендердің жерлеріне тиеселі. Олардың ішінде өндірістік немесе өндірістік емес аймақтар, оның ішінде тұрғын мекемелер бар. Соның өзінде жеке меншікке ғимараттар мен құрылыстарды олардың белгісіне сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерлер беріле алады. Өз кезегінде Қазақстандағы жеке меншік ауыл шаруашылық жерлеріне беріле алмайды. Оған қоса ерекше қорғалатын, орман, қорғаныс, су қорлары аймақтары, жалпыға ортақ аймақтардың жерлері жеке меншікке берілмейді.

Жерге арналған жеке меншік құқығына қатысты аталған шектеулер белгілі мөлшерде жерді пайдалану құқығымен шектеледі. ҚР қолданыстағы Конституциясына сәйкес жер пайдалану құқықтарының бірнеше түрлеріне жол беріледі. Олардың негізгілері болса қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жалға алу құқығы, сонымен қатар қысқа мерзімді қайтарусыз және қайтарумен жер пайдаланудың тұрақты құқығыжатады. Шаруашылық жүргізу құқығында немесе шұғыл басқару құқығындағы кондоминиум нысандарында мекемелері бар мемлекеттік заңды тұлғалар тұрақты жер пайдалану құқығына ие, олар ауыл шаруашылық және орман шаруашылығы өндірісін іске асырады, не болмаса ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда жер шаруашылығымен айналысады және т.б. Яғни тұрақты жер пайдалану кез-келген санаттарға беріле алады. Өз кезегінде қайтарусыз уақытша жер пайдалану құқығына Қазақстанның азаматтары мен заңды тұлғалары ие. Уақытша қайтарусыз жер пайдалану құқығына жер аймақтары беріле алады: мал шаруашылығы үшін (мезгілдік жайылымдар); халықтың малын жайлау және шөп ору үшін; мемлекеттік жер пайдаланушыларға; бақша шаруашылығын жүргізу үшін; қызметтік жер телімдері түрінде; жалпыға ортақ жолдардың құрылысы кезеңіне, мемлекеттік меншік пен әлеуметтік-мәдени мақсаттағы нысандарға; бұзылған жерлерді қалыпқа келтіру барысында; Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған тәртіпте ғимараттар (мекемелер) мен құрылыстарды уақытша қайтарусыз пайдалануға ұсыну барысында; Жер Кодексімен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда. Яғни уақытша қайтарусыз пайдалануға ауыл шаруашылық жерлері, елді мекендердің жерлері беріледі. Уақытша қайтарусыз жер пайдалану мерзімі бес жылдан асуы мүмкін емес. Уақытша қайтарусыз жер аймағын пайдалану мерзімі ғимараттар (мекемелер) мен құрылыстар мерзімі уақытша жер пайдалану мерзімімен анықталады. Жер пайдалану құқығы аталмыш құқықтық тәртіпте пайдаланатын жер аймақтарын тартып алуға мүмкіндіктердің жоқтығымен шектелген.

Жоғарыда аталған құқықтың субъектілеріне Қазақстан Республикасының азаматтары, мемлекеттік емес заңды тұлғалар, сонымен қатар халықаралық ұйымдар кіре алады, олар өз қызметтерін ұлттық заңнаманың нормаларына сәйкес осы елдің аймағында іске асыра алады. Қазақстанның заңнамасына сәйкес жер пайдалану құқығына адал жалға алушылар ие болады, олар жаңа жалға алу келісімін жасау барысында басым құқыққа ие болады. Соның өзінде жалға алушының бастамасы бойынша жаңа келісім жасаудың ескертушілік тәртібі жұмыс істейді.

Сонымен, өткізілген талдау бойынша экономикалық қызметті және жеке меншік құқығын конституциялық-құқықтық реттемелеу Қазақстан Республикасында Ресей Федерациясына ұқсас дамыды.

Басқа сөзбен айтқанда, 1993 ж. Негізгі заң нормаларында радикалды-либералды экономиканы құруды заңдастыру мемлекеттік араласуды шектен тыс азайтуға негізделіп, аталып өткен 1990 жылдардың ортасында ақ аралас экономикалық жүйенің алмасу қажеттілігімен ауысты, ол әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсаттарында экономикалық үрдістерді бақылау, үйлестіру, реттемелеуді қамтамасыз ету мақсатымен мемлекеттік араласуды қарастырады. Мұндай экономикалық қызметтің конституциялық-құқықтық негіздері туралы түсініктердің эволюциясы ҚР қолданыстағы 1995 жылғы Конституциясының нормаларында бекітілді. Қазақстан Республикасында жеке және мемлекеттік меншіктің құқықтық тәртібін сәйкестендіруді реттемелеудің ресейлік жүйеге ұқсас болуы ерекше жағдай. Соның өзінде жер пайдалану құқығын ерекше құқықтық қуаттылық ретінде реттемелеу ерекше назарға ие. Оның құрылысы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен анықталып, айтарлықтай деңгейде республиканың заманауи экономикалық аралас жүйесінің сипатын сипаттайды.

Қазақстан Республикасындағы келешегі барконституциялық-құқықтық реттемелеуекі өзара байланысқан міндетті шешуі тиіс: біріншіден, азаматтық-құқықтық саланың дамуының шынайы үрдісінде конституциялық нормалардың болуын қамтамасыз ету, ал екіншіден – жеке меншікті қорғаудың конституциялық-құқықтық механизмін дамыту.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Сапарғалиев Г. Конституционное право Республики Казахстан / Г. Сапарғалиев. – Алматы, 2005. – 208 с.
- [2] Конституция республики Казахстан 1995 г. [Электронный ресурс] // Информационная система «Параграф». – URL: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1005029#pos=0;0](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029#pos=0;0)
- [3] Май В. А. Экономическая реформа: сквозь призму конституции и политики / В. А. Май. – М.: AD MARGINEM, 1999. – 239 с.
- [4] Садвақасова Р. М. Конституционно-правовое регулирование экономической системы республики Казахстан / Р. М. Садвақасова [Электронный ресурс]. – URL: [http://arch.kyrlibnet.kg/uploads/UASADVAKASOVA2\\_2012-2.pdf](http://arch.kyrlibnet.kg/uploads/UASADVAKASOVA2_2012-2.pdf)
- [5] Панзабекова А.Ж. Основы управления государственной собственностью в Республике Казахстан. – URL: <http://e-history.kz/ru/contents/view/1042>
- [6] Гражданский кодекс республики Казахстан [Электронный ресурс] // Информационная система «Параграф». – URL: [http://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1006061](http://online.zakon.kz/document/?doc_id=1006061)
- [7] Сулейменов М. Конституционные основы права собственности в Казахстане / М. Сулейменов [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.zakon.kz/206876-konstitucionnye-osnovy-prava.html>

#### REFERENCES

- [1] Sapargaliev G. Konstitucionnoe parvo Respubliki Kazakhstan / G. Sapargaliev. – Almaty, 2005. – 208 с.
- [2] KonstituciyarespublikiKazakhstan 1995 g. [Elektronniy resurs] // Informacionnaya sistema «Paragraf». – URL: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1005029#pos=0;0](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029#pos=0;0)
- [3] May V. A. Ekonomicheskaya reforma: skvoz' prizmu konstitucii i politiki / V. A. May. – M.: AD MARGINEM, 1999. – 239 с.
- [4] Sadvakasova R.M. Konstitucionno-pravovoe regulirovanie ekonomicheskoy sistemy respublik Kazakhstan / R. M. Sadvakasova [Elektronniy resurs]. – URL: [http://arch.kyrlibnet.kg/uploads/UASADVAKASOVA2\\_2012-2.pdf](http://arch.kyrlibnet.kg/uploads/UASADVAKASOVA2_2012-2.pdf)
- [5] Panzabekova A.J. Osnovy upravleniya gosudarstvennoy sobstvennost'iu v Respublike Kazakhstan. – URL: <http://e-history.kz/ru/contents/view/1042>
- [6] Grajdanskiy kodeks respuliki Kazakhstan [Elektronniy resurs] // Informacionnaya sistema «Paragraf». – URL: [http://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1006061](http://online.zakon.kz/document/?doc_id=1006061)
- [7] Suleymenov M. Konstitucionnye osnovy prava sobstvennosti v Kazakhstane / M. Suleymenov [Elektronniy resurs]. – URL: <http://www.zakon.kz/206876-konstitucionnye-osnovy-prava.html>

#### Е. Ондашұлы

### КОНСТИТУЦИОННЫЕ ОСНОВЫ СОБСТВЕННОСТИ И ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

**Аннотация.** В статье на основе применения формально-юридического метода анализируются конституционно-правовые основы института собственности и экономической деятельности в республике Казахстан. Автор делает вывод о том, что эволюция конституционно-правового регулирования этой сферы общественных отношений в республике Казахстан была аналогична Российской Федерации: она характеризовалась последовательным отказом от системы радикальной рыночной экономики в направлении формирования смешанной экономики, характеризующейся последовательным усилением государственного участия в экономических процессах. При этом в отличие от российского опыта в республике Казахстан указанная эволюция нашла свое отражение в конституционно-правовых нормах, а именно – в новой Конституции, принятой в 1995 г. В ее рамках был существенным образом скорректирован механизм правового регулирования института частной собственности в направлении допущения легальной национализации наиболее важных факторов производства и объектов собственности в стратегически важных отраслях посредством применения механизмов административно-правового регулирования. В работе утверждается, что приоритетным направлением дальнейшего развития системы конституционно-правового регулирования сферы экономических отношений должно стать повышение уровня его адекватности в контексте отражения реальных процессов, проходящих в экономике, а также совершенствование конституционно-правовых механизмов обеспечения охраны института частной собственности.

**Ключевые слова:** конституционно-правовое регулирование, рыночная экономика, частная собственность, государственная собственность, смешанная экономика.